



Автор: Бексегуров Атапкел Жанболатулы

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Презентациялар

Тақырып: Презентацияларға арналған ақпарат

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.3.1.1 ақпарат іздеу (компьютердегі файлдар мен бумалар, құжаттағы мәтін үзіндісі). 4.3.2.1 браузер параметрлерін қолдану
Сабақтың мақсаты:	□ Ақпарат іздеуді (компьютердегі файлдар мен бумалар, құжаттағы мәтін үзіндісі) үйренеді □ Ақпаратты іздеуде интернетті тиімді қолдануды және браузер құралдарын баптауды үйренеді.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминология: □ Баптау- Настройка- Tuning: □ Бет белгі- Закладка- bookmark: Диалогтар мен жазу үшін пайдалы сөз тіркестері: □ Компьютерде презентация үшін ақпаратты қалай іздеуге болады? □ Презентацияға ақпарат іздеуде интернетті тиімді қолданудың қандай жолдарын білесің? □ Интернеттен басқа қандай ақпарат көздерінен ақпарат алуға болады?
Күтілетін нәтиже:	-Презентацияларға арналған ақпаратты іздеу; -Браузер құралдарын қолдану;
Бағалау критерийлері:	Ақпарат іздеп, интернетті тиімді қолданып және браузер құралдарын баптап үйренеді
Құндылықтарды дарыту:	1. «Мәңгілік ел» идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» дағдысы қалыптасады. 2. Ынтымақтастық: топтық жұмыс барысында
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Activ Inspire, https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/6-synyp/lesson/prezentacziya-uhymy
Пәнаралық байланыс:	Ағылшын тілі, орыс тілі
Бастапқы білім:	Презентация ұғымы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7)	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасу, түгелдеу. Бір-біріне жылы лебізерін білдіру арқылы сыныпта психологиялық ахуал қалыптастырамын. Топтастыру. «Файл», «Бума» деген ұғымдар бойынша оқушыларды топтастырамын. Жасырылған парақтардығы сөздер арқылы 2 топқа бірігеді. Тақырыпты ашу (Ұ) «Атаулар арқылы үш сұрақ» әдісі «Қайдан?», «Қалай?», «Қандай?» сұрақтары беріледі. 1. Қандай? Презентацияға ақпарат іздеуге Интернетті тиімді қолданудың қандай тиімді жолдарын білесің? 2. Қалай? Компьютерге презентация үшін ақпаратты қалай іздеуге болады? 3. Қайдан? Интернеттен басқа қайдан ақпарат алуға болады? «Bilimland.kz» сайтынан бейнеролик көрсету.	Атау жазылған қағаз қиындылары https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/6-synyp/lesson/prezentacziya-uhymy

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20)	Оқушыларға сараланған тапсырмалар (Ұ) Сөздіпен жұмыс: Түртіп алу □ Баптау- Настройка- Tuning: □ Бет белгі- Закладка- bookmark: Мақсаты: Жаңа сабақта кездесетін сөздітермен танысады. Бұл үш тілділік білім беру жүйесіне өз септігін тигізеді. Тиімділігі: Оқушылар үш тілділікке дағдыланады. (Ұ) Компьютермен жұмыс: 1. Іздеу серверін таңда. Мысалы yandex.kz іздеу алаңына «Қоршаған ортаны қорғау мәселелері» тақырыбында қажетті ақпаратты ізде . 2. Қажет деп тапқан сайттарды Google Chrome браузерінің Бетбелгісіне (Закладка) қос. (5-сурет). Ол үшін , браузерінің оң жақ жоғары бұрышындағы Настройка браузера – Закладка командаларын орында. 3. Қажетті сайт адресі браузердің пайдаланушыға қолжетімді жеріне орналасқан көресің. Дескриптор Қалыптастырушы бағалау -Іздеу серверін таңдап «Қоршаған орта мәселелері» тақырыбын жазып, іздейді. -Қажетті деп тапқан сайттарды Google Chrome браузерінің Бетбелгісіне (Закладка) қосады «Смайликтер» әдісі (Т) «Сөйлемді толықтыр» әдісі /.....болып табылады, ал...../ /.....болып табылады, ал...../ сөйлемін толықтыру мақсатында төменде берілген тапсырманы топ ішінде өзара ақылдасып, толық соңғы шешімге келіп, өз сөйлемдерін жазады. Келесі оқушылармен пікір алмасады. Тапсрма: Тасымалдағыштың қай түрінде басқалармен салыстырғанда ең өзекті ақпарат сақталады (6-сурет)? Себебін түсіндіңдер. Дескриптор Қалыптастырушы бағалау -6-суреТте берілген тасымалдағыштың қай түрінде басқалармен салыстырғанда ең өзекті ақпарат сақталатының анықтайды. -Себебін түсіндіреді «Смайликтер» әдісі (Ж) Практикалық жұмыс Тапсрма: Мұғалім ұсынған құжаттық файл ішінде барлық 2019 жыл сөзін 2020 жылға ауыстыруды орындаңдар. Неше рет орын ауыстыру орындалады, анықтаңдар. Дескриптор Қалыптастырушы бағалау -файл ішіндегі барлық 2019 жыл сөзін 2020 жылға ауыстырады. -неше рет орын ауыстыру орындалғанын анықтайды. «Смайликтер» әдісі	Жұмыс дәптері Компьютер Оқулық. Жұмыс дәптері Компьютер, Оқулық
Сабақтың соңы (10)	(Ұ) Қорытындылау! Тапсырма: □ Ақпаратты интернеТтен іздеудің қандай артықшылығы бар деп ойлайсың? □ Браузерде Бетбелгі (Закладка) қызметінің тиімділігін неде деп ойлайсың?	Таратпа қағаздар
Рефлексия (3)	«Табыс баспалдағы» арқылы жүргіземін. Оқушы сабақты қай деңгейде түсігенін бояйды. Таратылған парақтарды толтырып береді. Сол бойынша алдағы сабақтың жоспарын құрамын. Үй тапсырмасы: «Файл» және «Бума» терминдеріне «Бес жолдық өлең» құрастырып жазу.	